

«Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ
жұмыс беруші және жұмыскерлер арасындағы
Ұ Ж Ы М Д Ы Қ Ш А Р Т

2025 жылғы "17" ақпандағы

Қоғамдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін Жұмыскерлер ұжымы мен Жұмыс берушінің арасында жазбаша келісім түріндегі ұжымдық шартта келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) **айлық жалақының ең төмен мөлшері** - біліктілікті қажет етпейтін қарапайым (онша күрделі емес) еңбек Жұмыскері осы Кодексте белгіленген қалыпты жағдайларда және жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы кезінде еңбек міндеттерін орындаған кезде бір айда оған төленетін ақшалай төлемдердің кепілдік берілген ең төмен мөлшері;
- 2) **арнайы киім** - Жұмыскерді зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға арналған киім, аяқкиім, баскиім, қолғап, өзге де жеке қорғаныш құралдары;
- 3) **ауысымдық жұмыс** - тәулік ішінде екі не үш немесе төрт жұмыс ауысымындағы жұмыс;
- 4) **біліктілік санаты (разряды)** - орындалатын жұмыстардың күрделілігін көрсететін, Жұмыскердің біліктілігіне қойылатын талаптар деңгейі;
- 5) **демалыс** - жұмыс орны (лауазымы) мен осы Кодексте белгіленген жағдайларда орташа жалақысын сақтай отырып, Жұмыскердің жыл сайынғы демалуын қамтамасыз ету немесе әлеуметтік мақсаттар үшін Жұмыскерді белгілі бір кезеңге жұмыстан босату;
- 6) **еңбекке ақы төлеу** - осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға және Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес Жұмыскерге еңбегі үшін берілетін сыйақының міндетті төлемін Жұмыс берушінің қамтамасыз етуіне байланысты қатынастар жүйесі;
- 7) **еңбек жағдайлары** - еңбекке ақы төлеу, еңбекті нормалау, еңбек міндеттерін орындау, жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі жағдайлары, кәсіптерді (лауазымдарды) қоса атқару, қызмет көрсету аймақтарын кеңейту, жұмыста уақытша болмаған Жұмыскердің міндеттерін атқару, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау тәртібі, техникалық, өндірістік-тұрмыстық жағдайлар, сондай-ақ тараптардың келісуі бойынша өзге де еңбек жағдайлары;
- 8) **еңбек қатынастары** - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында, келісімдерде, еңбек, ұжымдық шарттарда және Жұмыс берушінің актілерінде көзделген құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру кезінде Жұмыскер мен Жұмыс берушінің арасында туындайтын қатынастар;
- 9) **еңбек қауіпсіздігі жағдайлары** - Жұмыскер еңбек міндеттерін орындаған кезде еңбек процесі мен өндірістік ортаның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкестігі;
- 10) **еңбек міндеттері** - Жұмыскер мен Жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде, Жұмыс берушінің актісінде, еңбек, ұжымдық шарттарда келісілген міндеттемелері;
- 11) **еңбек өтілі** - Жұмыскер еңбек міндеттерін орындауға жұмсаған, күнтізбемен есептелген уақыт, сондай-ақ осы Кодекске сәйкес еңбек өтіліне кіретін өзге де кезеңдер;
- 12) **еңбек тәртібі** - Жұмыс беруші мен жұмыскерлердің Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде, сондай-ақ келісімдерде, еңбек, ұжымдық шарттарда, Жұмыс берушінің актілерінде, құрылтай құжаттарында белгіленген міндеттемелерді тиісінше орындауы;
- 13) **еңбек тәртіптемесі** - Жұмыскерлер мен Жұмыс берушінің еңбекті ұйымдастыру жөніндегі қатынастарын реттеу тәртібі;
- 14) **еңбекті қорғау** - құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық, емдеу-профилактикалық, оңалту және өзге де іс-шаралар мен құралдарды қамтитын, еңбек қызметі процесінде Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі;
- 15) **еңбектің қауіпсіз жағдайлары** - жұмыс істейтіндерге өндірістік факторлардың әсерінің деңгейлері белгіленген нормативтерден аспайтын еңбек жағдайлары;
- 16) **еңбек шарты** - Жұмыскер мен Жұмыс берушінің арасындағы жазбаша келісім, бұған сәйкес Жұмыскер белгілі бір жұмысты (еңбек функциясын) жеке өзі орындауға, еңбек

тәртіптемесін сақтауға міндеттенеді, ал Жұмыс беруші Жұмыскерге келісілген еңбек функциясы бойынша жұмыс беруге, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде, ұжымдық шартта, Жұмыс берушінің актілерінде көзделген еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, Жұмыскерге уақтылы және толық мөлшерде жалақы төлеуге міндеттенеді;

17) жалақы - Жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайларына қарай еңбек үшін төленетін сыйақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер;

18) жеке қорғаныш құралдары - Жұмыскерді зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен қорғауға арналған құралдар, оның ішінде арнайы киім;

19) жұмыс беруші - Жұмыскер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға;

20) жұмыс берушілердің өкілдері - құрылтай құжаттары және (немесе) сенімхат негізінде Жұмыс берушінің немесе Жұмыс берушілер тобының мүдделерін білдіруге уәкілеттік берілген жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

21) жұмыс берушінің актілері - Жұмыс беруші шығаратын бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар, қағидалар, ережелер, ауысымдық кестелер, вахта кестелері, демалыс кестелері;

22) жұмыс орны - Жұмыскердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындауы кезінде оның тұрақты немесе уақытша болатын орны;

23) жұмысты тарифтеу - орындалатын жұмыстарды Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына және Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларының біліктілік анықтамалығына және ұйымдар басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес белгілі бір күрделілікке жатқызу;

24) жұмыс уақыты - Жұмыскер Жұмыс берушінің актілеріне және еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындайтын уақыт, сондай-ақ Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, ұжымдық шартқа, Жұмыс берушінің актісіне сәйкес жұмыс уақытына жатқызылған өзге де уақыт кезеңдері;

25) жұмыс уақытының жиынтық есебі - Жұмыс беруші белгілеген есептік кезеңдегі жұмыс уақытын жинақтау жолымен есептелген жұмыс уақытының есебі;

26) зиянды еңбек жағдайлары - зиянды өндірістік факторлардың болуымен сипатталатын еңбек жағдайлары;

27) кепілдіктер - Жұмыскерлерге әлеуметтік-еңбек қатынастары саласында берілген құқықтардың жүзеге асырылуы олардың көмегімен қамтамасыз етілетін құралдар, тәсілдер мен жағдайлар;

28) қауіпсіздік нормалары - Жұмыскерлердің еңбек қызметі процесінде олардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, санитариялық-гигиеналық, биологиялық және өзге де нормаларды, қағидаларды, рәсімдер мен өлшемшарттарды қамтамасыз ету тұрғысынан өндіріс жағдайларын, өндірістік және еңбек процесін сипаттайтын сапалық және сандық көрсеткіштер;

29) қауіпті өндірістік фактор - әсері Жұмыскердің еңбекке қабілеттіліктен уақытша немесе тұрақты айырылуына (өндірістік жарақаттануына немесе кәсіптік ауруына) немесе қайтыс болуына әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік фактор;

30) қоса атқарылатын жұмыс - Жұмыскердің негізгі жұмысынан бос уақытында еңбек шарты жағдайында тұрақты, ақы төленетін басқа жұмысты орындауы;

31) жұмыскер - Жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

32) жұмыскерлердің өкілдері - кәсіптік одақтар және олардың бірлестіктері, ал олар болмаған кезде, осы Кодексте көзделген жағдайларда, Жұмыскерлердің жалпы жиналысында (конференциясында) Жұмыскерлердің (конференция делегаттарының) кемінде үштен екісі қатысқан кезде қатысушылардың көпшілік дауысымен сайланған және уәкілеттік берілген сайланбалы өкілдер;

33) мереке күндері - Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

34) негізгі жалақы - тарифтік мөлшерлемелер, лауазымдық айлықақылар, кесімді бағалар

- бойынша төлемді қамтитын, жалақының салыстырмалы түрдегі тұрақты бөлігі және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында, салалық келісімде, ұжымдық және (немесе) еңбек шарттарында көзделген тұрақты сипаттағы төлемдер;
- 35) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға** - өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін немесе Жұмыс берушінің тапсырмаларын орындауы кезінде Жұмыскердің өндірістік жарақаттануы, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улануы салдарынан оның еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты айырылуына не қайтыс болуына әкеп соқтырған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың жұмыскерге әсер етуі;
- 36) өндірістік жабдық** - машиналар, механизмдер, құрылғылар, аппараттар, аспаптар және жұмысқа, өндіріске қажетті өзге де техникалық құралдар;
- 37) өндірістік жарақат** - Жұмыскердің еңбек міндеттерін орындау кезінде алған, оның еңбекке қабілеттіліктен айырылуына әкеп соққан денсаулығының зақымдануы;
- 38) өндірістік қажеттілік** - дүлей апатты, аварияны болғызбау немесе жою немесе олардың салдарларын дереу жою мақсатында, жазатайым оқиғаларды, бос тұрып қалуды, мүліктің жойылуын немесе бүлінуін болғызбау үшін және басқа да айрықша жағдайларда, сондай-ақ уақытша болмаған Жұмыскерді алмастыру үшін жұмыстарды орындау;
- 39) өндірістік қызмет** – шикізаттың алуан түрлерін өндіруді және қайта өңдеуді, қызметтердің алуан түрлерін көрсетуді және жұмыстарды орындауды қамтитын, ресурстарды дайын өнімге айналдыру үшін қажетті еңбек құралдарын қолдана отырып жасалатын Жұмыскерлер әрекеттерінің жиынтығы;
- 40) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау** - өндірістік объектілерде (цехтарда, учаскелерде, жұмыс орындарында, сондай-ақ Жұмыс берушілердің бөлек тұрған, өндірістік қызметті жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерінде) орындалатын жұмыстар қауіпсіздігінің жай-күйін, зияндығын, ауырлығын, қауырттығын, еңбек гигиенасын айқындау және өндірістік орта жағдайларының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтерге сәйкестігін айқындау мақсатында оларды бағалау жөніндегі қызмет;
- 41) өндірістік факторлар** – Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес Жұмыскерге әсер ететін техникалық, санитариялық, гигиеналық, өндірістік-тұрмыстық және басқа да жағдайлар;
- 42) өтемақы төлемдері** - жұмыстың ерекше режимі мен еңбек жағдайларына, жұмысынан айырылуына, Жұмыскерлерге еңбек міндеттерін немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауына байланысты шығындарды өтеуге байланысты ақшалай төлемдер, сондай-ақ Жұмыскерлерді немесе еңбек қатынастарында тұрмайтын өзге адамдарды (бұдан әрі - білім алушы) кәсіптік даярлаумен, қайта даярлаумен және біліктілігін арттырумен байланысты төлемдер;
- 43) тарифтік жүйе** - еңбекке ақы төлеу жүйесінің бір түрі, онда Жұмыскерлердің жалақысы тарифтік мөлшерлемелер (айлықақылар) және тарифтік кестелер негізінде сараланып айқындалады;
- 44) тарифтік кесте** - орындалатын жұмыстарды күрделілік және Жұмыскерлерді біліктілік белгісі бойынша саралауды көздейтін тарифтік разрядтар мен тарифтік коэффициенттер жиынтығы;
- 45) тарифтік разряд** - жұмыстың күрделілік деңгейі және осы жұмысты орындау үшін қажетті біліктілік деңгейінің көрсеткіші;
- 46) тарифтік мөлшерлеме (айлықақы)** - Жұмыскердің уақыт бірлігі ішінде белгілі бір күрделіліктегі (біліктіліктегі) еңбек міндеттерін орындағаны үшін еңбегіне ақы төлеудің тіркелген мөлшері;
- 47) тәртіптік жаза** - тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін Жұмыс берушінің Жұмыскерге қолданатын тәртіптік әсер ету шарасы;
- 48) тәртіптік теріс қылық** - Жұмыскердің өз еңбек міндеттерін құқыққа қарсы, кінәлілікпен орындамауы немесе тиісінше орындамауы, сондай-ақ еңбек тәртібін бұзуы;
- 49) тынығу уақыты** - Жұмыскердің еңбек міндеттерін орындаудан бос және өз қалауы бойынша пайдалана алатын уақыты;

50) ұжымдық қорғаныш құралдары - жұмыс істейтін екі және одан көп Жұмыскерді зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен бір мезгілде қорғауға арналған техникалық құралдар;

51) үстеме жұмыс - Жұмыскер жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан (есептік кезеңдегі жұмыс сағаттарының қалыпты санынан артық) тыс орындайтын жұмыс;

52) хабарлама - Жұмыскердің немесе Жұмыс берушінің жазбаша нысандағы (қағаз жеткізгіштегі немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанындағы) қолмақол не курьерлік пошта байланысы, пошта байланысы, факсимильді байланыс, электрондықпошта және өзге де ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы немесе жұмыскердің немесе жұмыс берушінің авторизациялануы, сәйкестендірілуі қамтамасыз етілеотырып, электрондық түрде берілген өтініші;

53) іссапар - Жұмыс берушінің өкімі бойынша Жұмыскерді тұрақты жұмыс орнынан тыс жерге белгілі бір мерзімге еңбек міндеттерін орындау үшін жіберу, сондай-ақ Жұмыскерді басқа жерге оқуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға жіберу.

1. Жалпы ережелер

Осы Ұжымдық шарт (одан әрі - Шарт) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (одан әрі – Кодекс), «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2025 - 2027 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметі, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) және кәсіптік одақтардың республикалық бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) арасындағы Бас келісім, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, «Қазақстандық энергетиктердің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі, «Энерготехникалық сала қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі, «Кәсіпқорған» тау-кен металлургия және сабақтас өндірістер жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі және «Қазақстан Электр энергетикасы қауымдастығы» заңды тұлғалардың бірлестігі арасындағы 2025-2027 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы салалық келісім негізінде жасалды.

Шарт мәтінде аталған, қосымшалармен тұтас алғанда, сондай-ақ еңбек шарттарымен бір жағынан Жұмыскерлердің әлеуметтік және еңбек мәселелерін шешу жөнінде «Астана-АЭК» АҚ акционерлік қоғамының (одан әрі – Жұмыс беруші) құқықтары мен міндеттерін, енді бір жағынан еңбек ұжымының өкілі – «Қазақстандық энергетиктердің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы «Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ Жұмыскерлері кәсіподағының (одан әрі – Кәсіподақ), одан әрі бірге «Тараптар», жеке «Тарап» деп аталып құқықтары мен міндеттерін бекітеді.

Жұмыс беруші Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы Абжанов Руслан Төлегенұлының тұлғасында, бір жағынан, Кәсіподақ, «Қазақстандық энергетиктердің салалық кәсіподағы» ҚБ 2024 жылғы 05 шілдедегі №41 бас сенімхаты негізінде әрекет ететін Кәсіподақ төрайымы Баймағанбетова Салтанат Сартаевна, екінші тараптан, төмендегі туралы осы Ұжымдық шартты жасасты.

2. Шарттың мәні

2.1. Осы шарттың мәні заңнамамен салыстырғанда Жұмыс беруші ұсынатын еңбек шарты және оның төлемі, әлеуметтік жағдайы, кепілдіктер мен жеңілдіктер туралы ереженің қосымша басымдықтары болып табылады.

Осы Шарт мәні әлеуметтік серіктестік аясында Тараптар арасында өзара түсіністікке қол жеткізу және заңнамамен салыстырғанда айрықша Жұмыскерлерге әлеуметтік кепілдіктерді және жеңілдіктерді ұсыну, жұмыспен қамту және персоналды дамыту, еңбек жағдайы мен еңбек төлемі, осы Шартпен белгіленген еңбекті және дансаулықты қорғау

туралы ережені іске асыру жөнінде Тараптардың қосымша өзара міндеттемелерін бекіту болып табылады.

2.2. Осы ұжымдық шарт тең құқылы Тараптармен заңнама нормаларын, Тарап өкілдерінің уәкілеттігін, мазмұнын құрайтын мәселелерді таңдау, талқылау, және шешу, қабылданған міндеттерді шынайы қамтамасыз етуді сақтау негізінде өз еркімен әзірленді және жасалды. Тараптар осы шарт талаптарының міндетті орындалуын растайды.

Осы ұжымдық шартта Жұмыскерлер үшін үлкен маңызға ие Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасының негізгі ережелері бейнеленеді.

3. Шарттың қолданылу мерзімі, аясы және кәсіподақ мүшелері болып табылмайтын жұмыскерлердің ұжымдық шартқа қосылу тәртібі

3.1. Ұжымдық шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және үш жылдың ішінде әрекет етеді. Егер ұжымдық шарттың әрекет ету мерзімі өткеннен кейін Тараптардың бір де біреуі бір айдың ішінде жаңа ұжымдық шарт жасауды немесе оған өзгертулер мен толықтырулар енгізуді талап етпесе, онда ол белгісіз мерзімге жасалған болып саналады.

3.2. Осы ұжымдық шарттың әрекет ету мерзімі Тараптар жаңа ұжымдық шартқа қол қойған сәттен бастап тоқтатылады.

3.3. Шарттың әрекеті Жұмыс берушіге және солардың атынан ұжымдық шарт жасалған Қоғам Жұмыскерлеріне және оған қосылған Жұмыскерлерге таралады.

3.4. Шарт «Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ (одан әрі-Қоғам) құрылымы, басқару органының құрамы өзгерген жағдайда күшін жоймайды және әрекет етеді. Қоғамның атауындағы өзгерістер оның әрекет етуін тоқтатуға әкелмейді.

3.5. Шарт Қоғамды қайта құру кезеңінде (бірігу, қосылу, бөліну, шығу, қайта құру) өз әрекетін сақтайды.

3.6. Қоғам мүлігінің иесі өзгерген жағдайда шарттың әрекеті үш айға сақталады. Осы кезең ішінде Тараптар жаңа шарт жасау немесе қолданыстағыны сақтау, өзгерту және толықтырулар енгізу туралы келіссөздерді бастауға құқылы.

3.7. Қоғам таратылғанда, оны банкрот деп жариялаған жағдайда барлық Жұмыскерлермен еңбек шартын тоқтатқан сәттен бастап шарт өз әрекетін тоқтатады.

3.8. Кәсіподақ мүшесі болып табылмайтын, бірақ Ұжымдық шарттың әрекеті оған да қолданылуына ниет білдірген Жұмыскерге ұжымдық шартқа №1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша өтініш негізінде ұжымдық шартқа қосылуға құқылы.

3.9. Ұжымдық шартқа қосылуға ниет білдірген Жұмыскер Жұмыс берушінің және кәсіподақ төрағасының атына Қоғамның персоналмен жұмыс бөліміне тиісті өтініш жолдайды.

Өтініш Қоғамның Персоналмен жұмыс бөлімінде тіркеледі және кәсіподақ төрағасына қолын қойғызып беріледі. Жұмыскер осы өтініш тіркелген сәттен бастап Ұжымдық шартқа қосылған болып саналады.

4. Тараптардың басты құқықтары мен міндеттері

4.1. Жұмыс беруші міндетті:

4.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасы және ұжымдық шарт талаптарына сәйкес Жұмыскерлердің құқықтары мен мүдделерін сақтауға.

4.1.2. Жұмысқа қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда Жұмыскерлермен еңбек шарттарын жасасуға, Жұмыскермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, оған енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Еңбек кодексінің 28-бабының 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 13) тармақшасында көзделген мәліметтерді, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізуге.

4.1.3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөнінде ішкі бақылауды жүзеге асыруға.

4.1.4. Жұмыскерге еңбек шарты және лауазымдық нұсқаулықпен шартталған жұмыс ұсынуға.

4.1.5. Есептесу айынан келесі айдың 10 жұлдызынан кешіктірмей Жұмыскерлерге жалақыны уақытылы және толық көлемде төлеуге. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген мерзіммен салыстырғанда, Жұмыс берушінің кінәсінен жалақыны төлеуде кедергі болған кезде, Жұмыскерге берешек пен өсімақы төленеді. Өсімақы мөлшері жалақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1,25 еселенген базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептеледі және төлем жүргізілуге тиісті күннен кейінгі күннен бастап әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін есептеледі және төлем жасалған күні аяқталады.

4.1.6. Жұмыскерді Жұмыс берушінің актілері және ұжымдық шартпен таныстыруға.

4.1.7. Жұмыскерлердің өкілдеріне ұжымдық келіссөздер жүргізу, ұжымдық шарттар жасасу, сондай-ақ олардың орындалуын бақылау үшін қажет толық және дәйекті ақпарат беруге.

4.1.8. Жұмыскерлерді Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы, еңбек, ұжымдық шарттарға сәйкес еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге.

4.1.9. Егер Жұмысты жалғастыру Жұмыскердің және өзге адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін болса, жұмысты тоқтата тұруға.

4.1.10. Еңбек міндеттерін орындау барысында Жұмыскердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға.

4.1.11. Жұмыскерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын беруге.

4.1.12. Жұмыс беруші жұмыскердің нақты жұмыс істеген жұмыс уақытының есебін жүзеге асырады. Жұмыс уақытын есептеу жұмыс уақытын есептеу таблицін толтыру жолымен жүргізіледі. Жұмыс уақытын есептеу белгілі уақыт аралығында (күн, апта, ай, тоқсан, жыл) нақты жұмыс уақытын анық бейнелеуі тиіс. Нақты жұмыс істеген жұмыс уақыты; жұмыс уақытына жататын уақыттың басқа кезеңдері есепке алынады. Осы ретте үстеме жұмыстар уақыты, түнгі уақытта, демалыс және мереке күндеріндегі жұмыстар, іссапар күндері жеке есептеледі. Жұмыскердің жұмыс уақыты жұмыс орнынан тыс жерде жұмыстарды орындау кезеңі немесе олардың орындалуын жұмыс беруші нақты уақытпен тіркей алмаған жағдайда, бұл кезеңдер еңбек шартымен белгіленген жұмыс көлемін орындау ретінде жұмыс уақытын есептеу құжаттарында белгіленеді.

4.1.13. Жұмыскерлер штатының қысқаруы, сондай-ақ Қоғамның таратылуы бойынша Жұмыскерлермен еңбек қатынастарын бұзған кезде, оларды және еңбек ұжымы атынан өкілдерді еңбек шартын бұзғанға дейін бір ай бұрын жазбаша ескертуге және еңбек шартын бұзған кезде бір орташа айлық жалақы мөлшерінде, ал Жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауына әкелген өндіріс, орындалатын жұмыс және көрсетілетін қызмет көлемінің азаюы жағдайында жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек қатынастарын бұзған кезде екі орташа айлық жалақы мөлшерінде өтемақы төлеуге.

4.1.14. Жұмыскерлердің санын немесе штатын қысқартқан жағдайда еңбек шарты бірінші кезекте келесі Жұмыскерлермен бұзылсын:

- а) сынақ мерзімін өтіп жатқандар;
- б) мерзімі өтпеген тәртіптік жазасы барлар;
- в) зейнетақы жасына жеткендер;
- г) Қоғамда ең аз жұмыс өтілі бар.

4.1.15. Жұмыскерлердің санын немесе штатын қысқартқан жағдайда бірінші кезекте келесі Жұмыскерлердің жұмыс орнын сақтауға басым құқық берілсін:

- а) жалғыз асыраушы болып табылатындарға;
- б) Қоғамда 5 жылдан аса жұмыс істегендерге.

4.1.16. Жұмыс беруші Жұмыскерлердің санын келесі шаралар есебінен реттеуге міндеттенеді:

- кадрлардың орынды кетуі және оларды қабылдауды іштей шектеу;
- Жұмыскердің келісімімен басқа тұрақты төмен жалақы төленетін жұмысқа ауысқан сәттен бастап бір ай ішінде бұрынғы жұмыс орны бойынша орташа айлық жалақыны сақтаумен ауыстыру.

Жұмыстан штаттың қысқаруы бойынша босатылған тұлғалар, Қоғамға қайтып келу және ашылатын лауазымды алу үшін басым құқыққа ие.

4.1.17. Қоғамның еңбек ұжымында тұрақтылықты қамтамасыз ету, оның ішінде жұмыс орнын сақтау және жұмыскерлерді негізсіз жаппай босатуға жол бермеу мақсатында Жұмыс беруші Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген келісілген шараларды іске асыру арқылы экономикалық тәуекелдер туындаған кезде әлеуметтік салдарды азайту үшін барлық шараны қабылдауға міндеттенеді.

4.1.18. Жұмыспен қамту мәселелесі жөнінде уәкілетті органға Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнама талаптарына сәйкес ақпарат ұсынуға.

4.1.19. Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес Жұмыскерлердің дербес деректерін жинау, өңдеу және қорғауды жүзеге асыруға.

4.1.20. Жұмыскерді еңбек тәртібі ережесімен, Жұмыскердің жұмысына (еңбек функциясына) тікелей қатысы бар жұмыс берушінің басқа актілерімен, және ұжымдық шартпен таныстыруға.

4.1.21. ҚР Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен келісу комиссиясын құру.

4.1.22. «Кәсіптік одақтар туралы» ҚР Заңының 25-бабының 3-тармағына сәйкес, мәдени-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға ағымдағы жылғы 31 наурыздан кешіктірілмейтін мерзімде Кәсіподаққа кемінде 9 000 000 (тоғыз миллион) теңге мөлшерінде ақшалай қаражат аударуға.

4.1.23. Кәсіподақ қызметіне қажетті ішкі және сыртқы электрондық және телефон байланысы құралдарын, Интернет-ресурсты, көбейткіш және өзге де ұйымдастыру техникасын, жиналыстар/іс-шаралар өткізу үшін үй-жайларды, автокөлікті Кәсіподаққа тегін пайдалануға ұсынуға.

4.1.24. Кәсіподақ жарналарын кәсіподақ комитетінің шотына аударуды Кәсіподақ мүшелерінің жеке өтініштері бойынша олардың жалақысынан кәсіподақ жарналарын ұстап қалып, жалақы төлеумен бір мезгілде жүргізілсін және кәсіподақ жарналарын қолма-қол ақшасыз төлеуге кедергі жасалмасын.

4.1.25. жұмыстан босатылмаған кәсіподақ Жұмыскерлерінің, оның ішінде еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың орташа жалақысын сақтай отырып, ұжым мүддесі үшін қоғамдық міндеттерді орындау үшін күнтізбелік 15 күнге дейінгі мерзімде өндірістік қызметтен босатуға.

4.1.26. Кәсіподақ органдарындағы сайланбалы лауазымдарға сайлануына байланысты өндірістік жұмыстан босатылған Жұмыскерлерге сайланбалы өкілеттіктері аяқталғаннан кейін бұрынғы немесе біліктілігіне сәйкес бірдей лауазым ұсынылады.

4.1.27. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға Кәсіподақ ай сайын әр айдың соңғы күнінде ұсынатын тізімге сәйкес 5 АЕК мөлшерінде ай сайынғы төлемді жүзеге асыруға.

4.1.28. жұмыс беруші өз есебінен еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды оқытуды, оларды нормативтік-техникалық әдебиеттермен, еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтармен қамтамасыз етеді. Оқыту қызметкер (техникалық инспектор) мен жұмыс беруші арасында қызметкердің (техникалық инспектордың) Қоғамда кемінде 1 (бір) жыл жұмыс істеу міндетін көздейтін тиісті Шартты бір мезгілде жасасумен не жұмыс берушінің қызметкерді (техникалық инспекторды) жұмыс істемеген уақытқа барабар оқытуға жұмсаған сомасын жұмыс берушіге өтеумен жүзеге асырылады.

4.2. Жұмыс беруші құқылы:

4.2.1. Жұмысқа қабылдау кезінде таңдау еркіндігіне, еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінен үміткерлердің (олардың алдын ала келісімімен) және Жұмыскерлердің еңбек қызметі туралы мәліметтер алуға.

4.2.2. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен белгіленген тәртіп пен негізде Жұмыскерлермен еңбек шартын өзгертуге, толықтыруға, тоқтатуға және бұзуға.

4.2.3. Жұмыскерлерден еңбек, ұжымдық шарттар, еңбек тәртібі ережелерінің шарттарын орындауды талап етуге.

4.2.4. Жұмыскерлерді марапаттауға, тәртіптік жаза қолдануға, заңнама және осы шартпен белгіленген жағдайлар мен тәртіпте материалдық жауапкершілікке тартуға.

4.2.5. Жұмыскерге еңбек міндеттерін орындау кезінде келтірген зиянды өтетуге.

4.2.6. Жұмыскерге 3 айға дейін сынақ мерзімін белгілеуге. Қоғамның басшылары және олардың орынбасарлары, бас бухгалтерлер мен олардың орынбасарлары, филиалдар, ұйымдар өкілдіктерінің басшылары үшін сынақ мерзімі алты айға дейін ұзартылуы мүмкін.

4.2.7. Егер сәйкес (еңбек, оқу) шарт талаптарымен белгіленген болса, Жұмыскерді оқытуға байланысты өз шығындарын өтетуге.

4.2.8. Еңбек Кодексіне сәйкес жұмыскерлерге кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуге.

4.2.9. жеке еңбек дауын шешу үшін дәйекті түрде келісу комиссиясына, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексімен белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге.

4.2.10. Кәсіподаққа мәдени-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыруға ақшалай қаражат аударуға.

4.2.11. Қоғамда 10 жылдан астам жұмыс істеген және энергетикада 40 жылдан астам жалпы жұмыс өтілі бар Жұмыскерлерді «ҚР энергетика ардагері» атағына ұсыну туралы ҚР Энергетика министрлігіне қолдаухат жолдауға.

4.2.12. Жұмыскерлер саны немесе штаты қысқарған жағдайда жұмыс беруші еңбек шартын бұзған кезде, ол келіскен жағдайда жұмыскерді басқа жұмысқа ауыстыруға шаралар қолдануға құқылы.

4.3. Жұмыскерлер міндетті:

4.3.1. Еңбек, ұжымдық шарттар, лауазымдық нұсқаулық және Жұмыс берушінің басқа актілеріне сәйкес еңбек міндеттерін орындауға.

4.3.2. Лауазымдық нұсқаулықта белгіленген міндеттер ауқымын адал орындауға, бекітілген тапсырмаларды уақытылы, дәл және сапалы орындауға, білімін шыңдауға.

4.3.3. Еңбек өнімділігін, оның ішінде кәсіби шеберлікті арттыру, еңбек сапасын жақсарту жолымен арттыруға бағытталған Жұмыс берушінің қызметін қолдауға.

4.3.4. Еңбек тәртібін сақтауға.

4.3.5. Жұмыс берушінің корпоративтік мүддесіне толықтай адалдық сақтауға.

4.3.6. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға.

4.3.7. Жұмыс беруші және Жұмыскерлердің мүлігіне ұқыпты болуға, мүлікке зиян келтірудің алдын алуға.

4.3.8. Адамдардың өмірі мен денсаулығына, Жұмыс беруші және Жұмыскерлердің мүлігінің сақталуына қауіп тудыратын туындаған жағдайлар туралы Жұмыс берушіні хабардар етуге.

4.3.9. Еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге.

4.3.10. Жұмыс берушіге келтірген зиянды төлеуге.

4.3.11. Жұмыскерлерді аттестаттау туралы Ережеге сәйкес Жұмыскердің алатын лауазымына немесе орындаған жұмысына сәйкестігіне Аттестаттаудан өтуге.

4.3.12. Жұмыс беруші берген жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарын мақсаты бойынша мүлтіксіз қолдануға және пайдалануға;

4.3.13. Мемлекеттік еңбек инспекторы, еңбекті қорғау жөнінде техникалық инспектор, ішкі бақылау мамандарының талаптарын және медициналық мекемелер тағайындаған емдеу және сауықтыру шараларын орындауға.

4.3.14. Жұмыс беруші белгілеген және Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген тәртіпте еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқуға, нұсқаулықтан өтуге және білімін тексеруден өткізуге.

4.4. Жұмыскер құқылы:

4.4.1. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен бекітілген тәртіпте және негіздер бойынша еңбек шартын жасасуға, өзгертуге, толықтыруға, тоқтатуға және бұзуға, еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінен еңбек шарты және өзінің еңбек қызметі туралы мәліметтер алуға.

4.4.2. Жұмыс берушіден еңбек, ұжымдық шарт, келісімдер, Жұмыс беруші актілері талаптарының орындалуын талап етуге.

4.4.3. Еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауға.

4.4.4. Еңбек жағдайы және еңбекті қорғау ахуалы туралы толық және сенімді ақпарат алуға.

4.4.5. Еңбек және ұжымдық шартты әзірлеуге қатысуға, оларға өзгертулер енгізу жөнінде өз ұсыныстарын енгізуге.

4.4.6. Жыл ішіндегі Қоғамның жұмыс қорытындысы бойынша ұжымдық шарт талаптарының орындалуы жөнінде Жұмыс берушіден әділ ақпарат алуға.

4.4.7. Қоғам басқаруындағы және/немесе сәйкес қызмет көрсетуге шарттық қатынастары бар спорттық-сауықтыру мақсаттағы объектілердің қызметін пайдалануға.

4.4.8. Өзінің еңбек құқықтарын ұсыну және қорғау үшін, кәсіби одақ құруға, сондай-ақ оған мүше болуға, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге көзделмеген болса.

4.4.9. Еңбек Кодексі мен Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес еңбек міндеттерін орындауға байланысты денсаулығына келтірілген зиянды өтетуге.

4.4.10. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына.

4.4.11. Денсаулығына немесе өміріне қауіп тудыратын жағдай туындаған кезде ол туралы тікелей басшысын немесе Жұмыс берушінің өкілін хабардар етіп жұмысты орындаудан бас тартуға.

4.4.12. Еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кезде жазатайым оқиғадан сақтандыруға.

4.4.13. Жұмыс берушіден сақталатын дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз етуге.

4.5. Жұмыс беруші және Жұмыскерлер Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы ұжымдық шарт, Қоғамның жергілікті актілеріне сәйкес басқа құқықтарға ие болып және міндеттер жүктелуі мүмкін.

4.5. Кәсіподақ құқылы:

4.5.1. өзінің мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін білдіруге және қорғауға, сондай-ақ өзінің құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен, жұмыс берушілермен, жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерімен (қауымдастықтар, одақтар), басқа қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынаста жұмыскерлердің өкілі болуға;

4.5.2 еңбек дауларын сотқа дейінгі шешуге қатысуға;

4.5.3 Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы және Қазақстан Республикасының Медиация туралы заңнамасына сәйкес жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешуге қатысуға;

4.5.4 осы Заңға сәйкес өзінің мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы үшін қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға;

4.5.5 келіссөздер жүргізуге, келісімдер және ұжымдық шарттар жасасуға;

4.5.6 ақшалай қорды құруға;

4.5.7 қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрамында еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттанушылық және кәсіби аурулардың алдын алу, сондай-ақ жұмыс орнында еңбек жадайын және еңбектің қорғалуына тексеру жүргізу жөнінде жұмыс берушімен бірге әрекеттер ұйымдастыруға;

4.5.8 азаматтардың еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қозғайтын, оның ішінде халықты жұмыспен қамту мәселесі жөнінде нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуге қатысуға;

4.5.9 қауіпсіздік және еңбекті қорғау қағидасын сақтау үшін өзінің өкілдері тұлғасында келісімдер және ұжымдық шарттарға сәйкес қалыпты еңбек жағдайын зерттеу және қамтамасыз ету жөнінде іс-шараларды қабылдау үшін кәсіподақ мүшелерінің жұмыс орындарына баруға;

баспа қызметімен айналысуға, өзінің жұмысын баспасөзде және басқа ақпарат құралдарында, оның ішінде ұйымдарда баяндауға;

4.5.10 меншік құқығында кәсіподаққа тиесілі мүлікке ие болуға, пайдалануға және иелік етуге;

4.5.11 жарғы мақсатына сәйкес өзінің мүшелерінің мүддесінде өндірістік және шаруашылық қызметті жүзеге асыруға;

4.5.12 халықты жұмыспен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға қатысуға;

4.5.13 ұжымдық шартты жасасу және оған өзгертулер енгізуге бастама көтеруге;

4.5.14 жұмыс берушіден осы Шарт талаптарын мүлтіксіз атқаруды талап етуге;

4.5.15 еңбек жағдайын бақылауға тұрақты қатысуға, жұмыс орындарында кедергісіз болуға және өзінің еңбек инспекторларының көмегімен жұмыс кезінде қауіпсіздік шараларын орындауды талап етуге;

4.5.16 жұмыс орындарын уақытылы және толық көлемде аттестаттауды өткізуді талап етуге;

4.5.17 арнайы киімдер, қорғаныш құралдары және арнайы тағамды беру үшін бақылауды жүзеге асыруға;

4.5.18 Қоғамның Жұмыскерлерін аттестаттауға қатысуға;

4.5.19 Қоғам жұмыскерлері – Кәсіподақ мүшелері, сондай-ақ Кәсіподақ мүшелері болып табылмайтын, ҚР қолданыстағы заңнамасы, сондай-ақ Жарғылық құзыретке сәйкес мемлекеттік органдардың барлық деңгейінде мүдделерін білдіруге уәкілетті еткен, жұмыскерлердің мүддесін қорғауға;

4.5.20 осы Шарт аясында және Жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасында туындайтын басқа мәселелер жөнінде Жұмыс берушімен келіссөздерде жұмыскерлердің өкілетті өкілі болуға;

4.5.21 Жұмыс берушіден келіссөздерді жүргізу және ұжымдық шарт нормаларын сақтауды бақылауды жүзеге асыру үшін қажет еңбек қатынастары мәселелері жөнінде ақпаратты сұратуға. Бұл ретте Кәсіподақтың тек жұмыскерлердің нақты функцияны орындау үшін қажет дербес деректерін сұратуға және құпиялылық режимін сақтауға құқығы бар.

4.6 Кәсіподақ міндетті:

4.6.1. Қазақстан Республикасының заңнамасын, жарғы ережелерін, кәсіподақ органдарының шешімін сақтауға;

4.6.2 ұжымдық шарт, салалық, өңірлік, бас келісім бойынша міндеттемелерін орындауға;

4.6.3 өкілеттілігінің шегінде әлеуметтік-еңбек дауларын ескерту бойынша шараларды қабылдауға;

4.6.4 кәсіподақ мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібінің сақталуын қамтамасыз етуге;

4.6.5 қызметкерлердің ішкі еңбек тәртіптемесін және еңбек тәртібін, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтауына көмек көрсетуге;

4.6.6 кәсіподақ мүшелерін жарғымен белгіленген шарттар мен тәртіпте ақшаның түсімі мен шығыны туралы ақпараттандыруға;

4.6.7 кәсіподақ мүшелері болып табылмайтын қызметкерлердің мүдделеріне кәсіподақ мүшелеріне арналған жағдайларда өкілдік етуге;

4.6.8 қызметкерлердің жалақы, еңбек, демалыс, сауықтыру, тұрмыстық жағдайларын жақсарту мәселелері бойынша мүдделерін, отбасы мүшелерінің мүдделерін қорғауға;

4.6.9 спорттық-сауықтыру жұмыстарын өткізуге;

4.6.10 ұжымда мәдени-көпшілік жұмысты өткізуге, 8-наурыз, Наурыз мейрамы, 9 мамыр, Энергетик күні, Жаңа жыл және сондай сияқты басқа мерекелерді өткізу кезінде материалдық көмек көрсетуге.

4.6.11 ұжымдық шартта көзделмеген жағдайларда кәсіподақтың бір жылға арналған бюджетінен қайырымдылық, материалдық көмек көрсетуге;

4.6.12 Қоғам қызметкерлері балаларының танымдық іс-әрекетін дамытуға жағдай жасауға (конкурстар, турнирлер өткізу);

4.6.13 өндірістегі жазатайым жағдайларды қарау бойынша барлық комиссияларға қатысуға;

4.6.14 АҚ ұйымдық құрылымын және жұмыс істеушілердің санын оңтайландыру бойынша келісілген іс-шараларды өткізу кезінде еңбек ұжымындағы шиеленісті төмендетуге мүмкіндік туғызуға;

4.6.15 еңбек заңнамасын түсіндіру, қызметкерлердің АҚ мүлігіне саналы және ұқыпты қарауы бойынша жұмыстарды өткізуге;

4.6.16 еңбек заңнамасын, бекітілген әлеуметтік кепілдіктерді сақтау және осы Шарттың ережелерін орындау бөлігінде АҚ қызметкері – кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге;

4.6.17 еңбек дауларын шешу кезінде Жұмыс берушімен келіссөздер жүргізуде еңбек ұжымының және АҚ қызметкері – Кәсіподақ мүшелерінің мүдделеріне өкілдік етуге;

4.6.18 Жұмыс берушінің бастамасы бойынша қызметкермен еңбек шартын бұзу (қызметкерлердің санын немесе штатын қысқарту, қызметкердің лауазымы немесе атқаратын қызметі біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан сәйкес келмеуі) туралы немесе еңбек шартының өзгеруіне байланысты қызметкердің бас тарту себебі бойынша еңбек шартын тоқтату туралы Жұмыс берушінің кәсіподақ мүшесі болып табылатын қызметкерге қатысты жүгінулері бойынша 7 (жеті) жұмыс күннің ішінде қарауға және уәжді пікір ұсынуға;

4.6.19 Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын болжамды бұзу, сондай-ақ тәртіптік жаза қолдану жағдайында өздері мүше болып табылатын кәсіподақтың сайланбалы органының мәжілісінде сайланбалы кәсіподақ жұмыскерлеріне қатысты Жұмыс берушінің немесе оның өкілінің өтінішін 7 (жеті) жұмыс күннің ішінде қарауға.

4.6.20. келіссөздер жүргізу және Келісім мен ұжымдық шарттарды жасасу үшін алынған қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге.

4.6.21 Жұмыс берушінің ресми сұрау салуы бойынша Кәсіподаққа мәдени-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын ұйымдастыруға бөлінген ақша қаражатының пайдаланылуы туралы деректер беруге.

5. Еңбек қатынастары

5.1. Жұмыс берушінің Ұжым мүшелерімен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, еңбек және ұжымдық шарттармен реттеледі.

5.2. Еңбек шартында еңбек сипаттамасы, шарттары, еңбек демалысы күндерінің саны, жұмыс жағдайы және еңбек заңнамасымен белгіленген басқа жағдайлар бейнеленуі тиіс. Мүгедекпен жасалатын еңбек шарты жұмыс орнын олардың жеке мүмкіндіктерін есепке алып жабдықтау жағдайын қамтуы тиіс.

Еңбек шарты бір жыл мерзімге жасалады. Егер еңбек шартының әрекет ету мерзімі өткеннен кейін тараптардың бірде бірі еңбек қатынастарын бұзуды талап етпеген жағдайда, онда ол белгісіз мерзімге жасалған болып саналады.

5.3. Еңбек шарты:

1) белгіленбеген мерзімге;

2) осы тармақтың 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында белгіленген жағдайлардан басқа, бір жылдан кем емес белгілі бір мерзімге жасалуы мүмкін.

Еңбек шартының мерзімі өткен кезде тараптар оны белгіленбеген немесе бір жылдан кем емес белгілі бір мерзімге ұзартуға құқылы.

Егер еңбек шартының қолданылу мерзімі өткен жағдайда тараптардың ешқайсысы соңғы жұмыс күні (ауысым) ішінде еңбек қатынастарын тоқтату туралы жазбаша хабардар етпесе, Еңбек Кодексінің 51-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ол бұрын жасалған дәл сол мерзімге ұзартылған деп есептеледі.

Белгілі бір мерзімге жасалған еңбек шарты екі реттен артық ұзартылмауы мүмкін.

Еңбек қатынастары жалғастырылған кезде еңбек шарты белгіленбеген мерзімге жасалған деп есептеледі;

Осы тармақшаның төртінші және бесінші бөліктерінің ережелері дербес білім беру ұйымдары мен олардың ұйымдарының шетелдік Жұмыскерлеріне қолданылмайды;

3) белгілі бір жұмыстың орындалу уақытына;

4) уақытша болмаған жұмыскерді алмастыру уақытына;

5) маусымдық жұмысты орындау уақытына;

6) жергілікті атқарушы орган шетелдік жұмыс күшін тартуға, шетелдік жұмыскерге жұмысқа орналасуға берген рұқсаттардың не ішкі істер органдары еңбекші көшіп келушіге берген рұқсаттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін мерзімдері шегінде жасалуы мүмкін.

5.4. Жұмыс беруші жұмысқа қабылдау кезінде Жұмыскерге танысу үшін келесі құжаттарды ұсынады:

1) ұжымдық шарт;

2) қызмет және бөлім туралы ереже;

3) лауазымдық нұсқаулықтар;

4) іс жүргізу жөніндегі нұсқаулық;

5) ішкі еңбек тәртібі ережесі;

6) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нұсқаулығы.

6. Жұмыс режимі (Жұмыс уақыты және тынығу уақыты)

6.1. Қоғамда барлық Жұмыскерлер үшін ортақ жұмыс режимі және жұмыс уақытын есепке алу белгіленеді: күнделікті жұмыс (ауысым) ұзақтығы 8 сағат болатын бес күндік жұмыс аптасы, ауысымдық жұмыс-жеке лауазымдар үшін күнделікті жұмыс ұзақтығының нормасынан асатын жұмыс берушінің өндірістік қызмет режиміне байланысты екі ауысымдық жұмыс режимі, жұмысты ұйымдастыру (еңбек жағдайлары, өндіріс сипаты) бес күндік жұмыс аптасын белгілеуге мүмкіндік бермейтін жерде бір демалыс күні бар алты күндік жұмыс аптасы, жылжымалы жұмыс кестесі, сондай-ақ жұмысшылардың келісімімен өндірістік қажеттілікке байланысты басқа жұмыс режимдері қолданылады. Ауысымдық жұмыс, жылжымалы кесте бойынша жұмыс кезінде жұмыс ауысымының ұзақтығы, бір жұмыс ауысымынан екіншісіне ауысу ауысым кестелерімен белгіленеді. Әрбір қызметкерге жұмыс уақыты режимін қолдану жұмыс берушінің актілеріне және/немесе еңбек шартына сәйкес жүзеге асырылады

6.1.1 толық емес жұмыс уақыты: Жұмыс беруші жүкті әйелдің, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар ата-ананың біреуінің (бала асырап алушының), сондай-ақ медициналық қорытындыға сәйкес отбасының науқас мүшесіне күтімді жүзеге асыратын Жұмыскердің жазбаша өтініші бойынша оларға толық емес жұмыс уақыты режимін белгілеуге міндетті.

6.2. Жұмыс уақытының жиынтық есебі кезінде бір ай есептік кезең болып көрсетіледі. Есептік кезеңде жұмыс уақытының сағаттар сомасы, белгіленген жұмыс уақытының теңгеріміне сәйкес осы кезеңдегі жұмыс сағатының қалыпты санынан аспауы тиіс.

6.3. Күн сайынғы жұмыс ішінде Жұмыскерге демалыс және тамақтану үшін үзіліс беріледі.

6.4. Бес күндік жұмыс аптасында Жұмыскерлерге аптасына екі демалыс күні - сенбі және жексенбі, алты күндік жұмыс аптасында бір демалыс күні – жексенбі беріледі. Жылжымалы кесте және ауысымдық жұмыс кезінде демалыс күндері кестеге сәйкес беріледі.

Қызметкерді демалыс күндері жұмысқа тарту, келесі жағдайлардан басқа уақытта, тек оның келісімімен жүзеге асырылады:

1) төтенше жағдайлардың, дүлей зілзаланың немесе өндірістік аварияның алдын алу не олардың зардаптарын дереу жою үшін;

2) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардың, мүліктің жойылуының немесе бүлінуінің алдын алу және оларды тергеп-тексеру үшін;

3) тұтастай Қоғамның немесе оның жекелеген бөлімшелерінің одан әрі қалыпты жұмыс істеуі жедел орындалуына байланысты болатын шұғыл, күтпеген жұмыстарды орындау үшін жол беріледі.

6.5. Демалыс және мереке күндеріндегі жұмыс үшін Жұмыскердің қалауы бойынша оған басқа демалыс күні беріледі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақы төленеді.

6.6. Тараптардың келісімі бойынша қызмет уақытынан тыс жұмыс үшін қызмет уақытынан тыс бір сағат үшін бір сағаттан кем емес есебінен демалыс сағатын беруге рұқсат етіледі немесе төлем жүргізіледі.

6.7. Жаңа еңбек талаптарын енгізу немесе оларды өзгерту, ол туралы Қоғам Жұмыскерлерін өзгертулер немесе енгізулерге дейін он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей міндетті хабардар ету арқылы жүргізіледі. Еңбек жағдайларының өзгеруіне байланысты Жұмыскер жұмысты жалғастырудан жазбаша түрде бас тартқан жағдайда немесе еңбек жағдайларының өзгеруіне байланысты Жұмыскердің жұмысты жалғастырудан жазбаша бас тартуды ұсынудан бас тартуын куәландыратын акт болған кезде Жұмыскермен еңбек шарты ҚР Еңбек кодексінің 58-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіз бойынша тоқтатылады.

6.8. Қоғам Жұмыскерлеріне Жұмыскердің немесе Жұмыс берушінің бастамасы бойынша Тараптардың келісімі бойынша қашықтықтан жұмыс істеу немесе аралас қашықтықтан жұмыс істеу тағайындалуы мүмкін.

6. Демалыстар

7.1. Жұмыс беруші еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін Жұмыскерлерге жұмыс орнын (лауазымын) сақтай отырып, ұзақтығы 24 күнтізбелік күннен кем емес жыл сайынғы негізгі ақы төленетін еңбек демалысын береді.

7.2. Жыл сайынғы еңбек демалыстарын беру кезектілігі Жұмыскерлердің пікірін есепке ала отырып Басқарма төрағасы бекіткен кестемен анықталады немесе тараптардың келісімі бойынша бекітіледі. Өндірістік қажеттілікке байланысты демалыс кестесін өзгерткен жағдайда Жұмыс беруші ол туралы Жұмыскерді еңбек демалысы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

7.3. Демалыстан шақыртып алу Жұмыс берушінің ұсынысы бойынша Жұмыскердің келісімімен жүргізіледі, ал осыған байланысты демалыстың пайдаланылмаған бөлігі Тараптар арасындағы келісім бойынша Жұмыскерге оған қолайлы уақытта беріледі немесе жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының пайдаланылмаған бөлігінің күндері үшін өтемақы төлемі жүргізіледі.

7.4. Тараптардың келісімі бойынша Жұмыскердің өтінімі негізінде оған жалақы сақталмайтын демалыс берілуі мүмкін.

7.5. Жұмыс беруші Қоғамдағы үздіксіз еңбек өтілі үшін жыл сайынғы еңбек демалысына қосымша ақы төленетін күндер береді: 2 жылдан 4 жылға дейін - 1 күн, 4 жылдан 5 жылға дейін - 2 күн, 5 жылдан астам - 3 күн.

7.6. Жұмыс беруші Чернобыль АЭС апатын жоюға қатысқан Жұмыскерлерге, ауған соғысының ардагерлеріне 5-күн қосымша ақы төленетін демалыс береді. Семей полигонының аумағында тұратын адамдарға - 3 күнтізбелік күн. Бұл демалыс жыл сайынғы еңбек демалысына демалыс күндерін қосумен беріледі.

7.7. Жұмыс беруші Жұмыскерлерге жақын туыстарының (әкесі, анасы, күйеуі, әйелі, ұлы, қызы, туған ағасы, апасы) қайтыс болуына байланысты, жерлеу іс-шараларын өткізу үшін әлеуметтік ақы төленетін демалыс-3 жұмыс күнін береді.

Демалыстың бұл түрі Жұмыскердің кезекті ақы төленетін демалысына жатпайды.

7.8. Қоғамда жұмыс істейтін ерлі-зайыптыларға Жұмыс берушінің келісімі бойынша еңбек демалысына бір мезгілде шығу құқығы беріледі. Егер ерлі-зайыптылардың біреуінің еңбек демалысының ұзақтығы екіншісінен ұзағырақ болса, онда соңғысына Жұмыс берушінің келісімі бойынша ұзақтығы жұбайының демалысының айырмашылығына тең жалақысы сақталмайтын демалыс беріледі.

7.9. Жұмыс беруші Жұмыскердің өтініші бойынша Қызметкер некесін тіркеген кезде орташа жалақысын сақтап үш жұмыс күнге әлеуметтік демалыс береді. Бұл ретте, мұндай демалыс неке тіркелген кезден бастап үш ай өткен соң берілмейді.

7.10. Жұмыс беруші Жұмыскерлерге (өндірістік объектілерде өткізілген аттестаттау қорытындылары бойынша зиянды еңбек жағдайлары үшін қосымша демалыс алуға құқығы бар кәсіптер мен лауазымдар тізбесіне кірмейтін учаске шеберлеріне/аға шеберлерге) 3 күн мөлшерінде қосымша ақылы демалыс береді.

7.11. Жұмыс беруші бастауыш сынып оқушыларының (4-сыныпқа дейін) қамқоршысы немесе тәрбиелеуші ата-анасы болып табылатын (ата-анасының біреуінің) өтініші негізінде «Білім күніне» орташа жалақысын сақтай отырып бір күн демалыс береді. Өндірістік қызметті ұйымдастыру мақсатында Жұмыскер өтінішті «Білім күніне» дейін кемінде күнтізбелік 15 күн бұрын береді.

7.12. Жұмыс беруші Жұмыскердің өтініші бойынша бала туған кезде орташа жалақысын сақтап, бір жұмыс күн әлеуметтік демалыс береді. Бұл ретте, мұндай демалыс баланың туған күнінен бастап бір ай өткеннен кейін берілмейді.

7. Еңбекке ақы төлеу

8.1. Еңбекке ақы төлеудің минималды кепілі ретінде Жұмыскер еңбек міндеттерін (еңбек нормалары) заңмен бекітілген жұмыс уақытының ұзақтығын сақтап орындаған кезде Қоғам бекіткен бірыңғай тарифтік мөлшерлеме және лауазымдық жалақыны қолдану;

Жұмыскерлердің кәсіби-біліктілік топтары бойынша күрделілікті бейнелейтін қолданыстағы разряд аралық коэффициенттерді және арақатынастарды сақтау.

8.2. Қоғам Жұмыскерлері үшін тарифтік мөлшерлеме төмендегілерден анықталсын:

1) бірінші дәрежелі жұмысшының белгіленген айлық тарифтік мөлшерлемесі (жалақысы), тарифтік кестенің тарифтік коэффициенті (БТК) және дифференциациялау коэффициенті (Кд) («Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ Жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу және ынталандыру туралы Ереженің №1-Қосымшасы);

2) Жұмысшылардың жеке мамандықтары үшін айлық жалақы: аула сыпырушы, өндірістік және қызметтік орынжайларды жинаушы, жүк түсіруші, лифтші, гардеробшы, курьер («Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ Жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу және ынталандыру туралы Ереженің №2-Қосымшасы);

3) лауазымдық жалақы кестесі негізінде басшылар, мамандар және қызметшілердің лауазымдық жалақысы («Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ Жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу және ынталандыру туралы Ереженің №3-Қосымшасы).

8.3. Басқарма төрағасына, Басқарма төрағасының орынбасарына, ішкі аудит қызметінің басшысына, корпоративтік хатшыға лауазымдық жалақылар, өтемақылар және күнтізбелік жылдағы жұмыс нәтижелері бойынша төлемдер, сыйақы түріндегі көтермелеулер Директорлар кеңесінің шешімі бойынша белгіленеді/жүргізіледі.

8.4. Қызмет және бөлім басшысы орынбасарларының жалақысы басшылардың жалақысынан 10-40% төмен белгіленеді.

8.5. Қолданыстағы Жұмыстар және жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы, Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының

біліктілік анықтамалығы бойынша жұмысшылар мен қызметшілерге тарифтеу жүргізу және біліктілік дәрежелер мен санаттарды тағайындау;

8.6. Жұмыскерлерге дәрежелер мен санаттарды (біліктілік анықтамалығына сәйкес келмеген жағдайда) Қоғам басшысы бекіткен тарифтік-біліктілік комиссияның шешімімен тағайындау;

8.7. Техника, технология, еңбек өндірісін ұйымдастыруда қол жеткізген деңгейді есепке алып еңбек нормасына (өнім өндіру, уақыт, қызмет көрсету және саны) кіріспе, ауыстыру және қайта қарау жүргізу.

8.8. Еңбек нормасының өзгеруіне қатысты жұмыскерлерді аталмыш өзгерістер қолданысқа енгенге дейін кемінде бір ай бұрын хабардар ету.

8.9. Бір Жұмыскердің еңбек ақысының төменгі мөлшері Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 104-бабында белгіленгеннен төмен болмауы тиіс.

8.10. Еңбекке уақыт бойынша ақы төлеу кезінде жалақы мөлшері жұмыс уақытын есептеу табелі және Еңбекке ақы төлеу туралы ережеге сәйкес нақты жұмыс істеген уақыты үшін қызметкердің тарифтік мөлшерлемесімен анықталады.

8.11. Қазақстан Республикасы заңнамасы және Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес жұмыс уақытының ұзақтығын қамтамасыз ету.

8.12. Жұмыс режимі еңбек ұжымы өкілдерінің келісімі бойынша Ішкі еңбек тәртібі ережесімен белгіленеді.

8.13. Есептік кезеңі-бір жыл, үздіксіз өндірістік үдеріске байланысты жұмыстарда жұмыс уақытының жиынтық есебін қолдану. Ауысым кестесін Жұмыс беруші Жұмыскерлерге оларды енгізуден он күнтізбелік күн бұрын хабардар етуі тиіс.

8.14. Жиынтық есеп кезінде есептік кезеңде жұмыс уақытының нормасы, заңнамамен белгіленген (8 сағат), есептік кезеңге келетін, бес күндік апта күнтізбесі бойынша жұмыс күнінің санына жұмыс күнінің ұзақтығын көбейту жолымен анықталады. Жұмыстың толық емес айында (демалыс, ауру, дәрігерлік тексеру және т.б.) белгіленген айлық нормадан жұмыста болмаған күндерге (сағаттар) келетін күнтізбе бойынша жұмыс күндері (сағаттар) алынып тасталады.

8.15. Жұмыс уақытының жиынтық есебі кезінде ауысым Жұмыскерлеріне жұмыс сағаттарының нормасы шегінде тамақтану үшін үзілістер беру үшін жағдайларды қамтамасыз ету. Ауысымның ұзақтығы, үзілістердің басталу және аяқталу тәртібі мен уақыты ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен белгіленеді.

8.16. Жұмыс жағдайы бойынша үзіліс беру мүмкіндігі жоқ жұмыстарда, Жұмыскерге жұмыс уақытында тамақтануға мүмкіндік беру. Аталған сағаттар (тамақтану уақыты) жұмыс уақытына есептеледі. Осындай мамандық тізбесі, демалыс және тамақтану тәртібі мен орны Қоғам бұйрығымен белгіленеді.

8.17. Қоғам Жұмыскерлеріне еңбекақыны келесі айдың 10-күнінен кешіктірмей төлеуді қамтамасыз ету.

Еңбек шартын бұзған кезде Жұмыскерге тиесілі барлық сомалар төлемін, оны бұзғаннан кейін үш жұмыс күннен кешіктірмей жүргізу. Жыл сайынғы еңбек демалысы төлемін ол басталғанға дейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал еңбек демалысын кестеден тыс берген жағдайда оны берген күннен бастап үш күнтізбелік күннен кешіктірмей төлеу қажет.

8.18. Жұмыскер шарттық қатынаста болып табылатын жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарнасын уақытылы аударуды қамтамасыз ету.

8.19. Жұмыскерлерге еңбекке ақы төлеу ережесі және жұмыс берушінің тарифтік мөлшерлеме (еңбекақы) актілеріне сәйкес қосымша ақы және үстемелер жүргізілсін:

а) қосымша ақылар:

- мамандықты (лауазымды) қоса атқарғаны үшін,
- қызмет көрсету аймағын кеңейту немесе жұмыс көлемінің артуына байланысты;
- уақытша болмаған Жұмыскердің міндеттерін орындау (ауыстыру),
- негізгі жұмыстан босатылмаған Жұмыскерлер қатарындағы бригадирлерге, бригаданы басқарғаны үшін оның тарифтік мөлшерлемесінен 10 % көлемінде;

Лауазымдарды қоса атқарғаны, қызмет көрсету аймағын кеңейткені немесе уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындағаны (алмастырғаны) үшін қосымша ақы мөлшерін жұмыс беруші орындалатын жұмыс көлеміне қарай қызметкермен келісім бойынша белгілейді.

б) үстемақылар:

- кәсіби шеберлігі үшін (жоғары біліктілігі үшін);

в) жүргізушілерге санаты үшін төлем:

Жүргізушілерге ай сайын белгіленген (сағаттық) тарифтік мөлшерлеме көлемінде санаттылығы үшін қосымша ақы төленсін:

- В,С,Д,Е; В,С,Д(Д1),СЕ(С1Е)- санаты үшін - 25 %;
- В,С,Д; В,С,Е; В,С,СЕ; В,С,С1Е - санаты үшін - 10%.

Қосымша ақылар және үстемелерді енгізу мерзімі Қоғам басшысының бұйрығымен белгіленеді.

8.20. Уақытша болмаған Жұмыскердің міндеттерін орындаған (ауыстырған) жағдайда – Жұмыскер еңбек шартында (лауазымдық нұсқаулықта) көзделген өзінің негізгі жұмысымен қатар қосымша жұмысты орындаса, басқа және осындай лауазым бойынша қосымша ақы төленеді. Осы міндеттер жүктелген Жұмыскерге оның нақты жалақысы/тарифтік мөлшерлемесі мен болмаған Жұмыскердің лауазымдық жалақысы/тарифтік мөлшерлемесі (қосымша ақылар мен үстемеақыларсыз) немесе айлық лауазымдық жалақы (тарифтік мөлшерлемеге) арасындағы айырмашылық, немесе егер ауыстыру Жұмыскердің лауазымдық нұсқаулығында көзделмеген болса, сондай-ақ егер

Жұмыскер штаттық орынбасары болып табылмаған жағдайда айлық лауазымдық жалақыға (тарифтік мөлшерлемеге) пайызбен төленеді.

8.21. Жұмыскердің келісімімен үйдегі кезекшілік уақытына төлем жасау немесе аталмыш уақытқа демалыс беру. Кезекшілік уақытын кезекшіліктің әр сағатын қалыпты жұмыс уақытының ширек сағаты ретінде есептеу.

8.22. Жұмыскерлерге үстеме жұмысқа еңбекке уақытпен ақы төлеу кезінде кемінде бір жарым есе көлемде төлем жүргізу. Тараптардың келісімі бойынша үстеме жұмыс үшін бір үстеме жұмыс сағаты үшін кемінде бір сағат есебімен демалыс сағатын ұсынуға болады.

8.23. Қоғамның өндірістік объектілерінің еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелеріне сәйкес еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалыстары беріледі.

Жұмыскерлерге Тізімге сәйкес лауазымдарды қоса атқарған жағдайда, жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалыстары қатысуға байланысты еңбек жағдайларының зиянды жағдайында жұмыс істеген уақытын есептеу арқылы есептеледі: лауазымдарды қоса атқарғаны үшін қосымша ақының белгіленген мөлшерінен қоса атқарылатын лауазым бойынша демалыс күндерінің санына пайыздық арасалмағы.

8.24. Мереке және демалыс күндеріндегі жұмыс уақытына Жұмыскерлерге тарифтік мөлшерлеменің екі есе көлемінде ақы төлеу. Жұмыскердің тілегі бойынша мереке және демалыс күндеріндегі жұмысы үшін өтемақыны қосымша демалыс күніне ауыстыруға болады.

8.25. Жұмыскерлерге түнгі уақыттағы әрбір жұмыс сағатына бір жарым есе көлемде төлем жүргізілсін. Үстеме жұмыс, демалыс (мереке) күндеріндегі жұмыс түнгі уақытпен сәйкес келген жағдайда, жұмысқа тартылған Жұмыскерлерге (ауысымды Жұмыскерлерді қоспағанда) ақы төлеу түнгі уақыт үшін бір жарым есе мөлшерде қосымша жүргізіледі. Сағат 22 бастап таңғы 6 дейінгі уақыт түнгі болып саналады.

8.26. Қоғам есебінен тексеруден өтуге міндетті Жұмыскер медициналық тексеруден өткен кезде, сондай-ақ қан құю үшін тексеру және қан берген күндері донорларға жұмыс орны (лауазымы) мен орташа жалақысы сақталады.

8.27. Мемлекеттік қызметтерді орындаған, әскери жиындардан өткен уақытта Жұмыскердің жұмыс орны (лауазымы) сақталады.

8.28. Жұмыскердің кінәсінен емес жұмыстың бос тұрып қалу уақытына орташа айлық жалақының 50 % есебінде төленсін.

8.29. Амалсыз тұрып қалу уақыты: төтенше жағдайлар (сыртқы ауаның төмен температурасы, дауыл, су тасқыны) қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес төленеді.

8.30. Жұмыскердің кінәсінен бос тұрып қалу уақыты төленбейді.

8.31. Зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда, ҚР ЕК 77-бабы 2-тарм. белгіленген жағдайлардан басқа үстеме жұмыстар сағатына жол бермеу.

8.32. Жыл сайынғы еңбек демалысы, Қоғамда үздіксіз еңбек өтілі үшін жыл сайынғы ақы төленетін қосымша демалыс, қалыпты жұмыс аптасынан (40 сағат) тыс жұмыстар үшін жыл сайынғы ақы төленетін қосымша демалыс күндеріне төлемді еңбек жылы ішінде жүзеге асыру.

8.33. Жұмыскердің жазбаша өтініші негізінде жалақысы сақталмайтын демалыс берілсін.

8.34. Жұмыскердің оның өндірістік қызметіне байланысты мамандығы бойынша оқуға және біліктілігін арттыруға жолдаған кезде Салық кодексінің 93-бабы 1-тарм. сәйкес: оқу орнына бару және қайту жолы, тұру шығындары, тәуліктік ақы белгіленген.

Тәуліктік ақы ережеге сәйкес оқу уақытында төленеді.

8.35. Жұмыскердің бастамасы бойынша немесе тәртіптік жаза ретінде Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған жағдайда оқуға барған Жұмыскер оқуға байланысты шығындарды бір жылдың ішінде қайтарып беруге міндетті.

8.36. Бекітілген ережелер негізінде Жұмыскерлерге келесі бір реттік төлемдер жүргізіледі:

а) жақын туыстарын (ата-анасын, балаларын, жұбайын) жерлеуге 30 есептік көрсеткіш көлемінде, ал Қоғам Жұмыскері қайтыс болған жағдайда туыстарының өтініші немесе бөлімше бастығының өтінішхаты бойынша кемінде 50 есептік көрсеткіш материалдық көмек;

б) Жұмыскер зейнет жасына толған кезде, еңбек шартын бұзған жағдайда 2-лауазымдық жалақы/тарифтік мөлшерлеме көлемінде.

в) Жұмыскер өндірісте Қоғамның кінәсінен қаза тапқан жағдайда бір реттік материалдық көмек 100-айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүргізіледі.

8.37. Бір реттік ынталандыру сипатындағы барлық төлемдер бекітілген әлеуметтік бағдарламаға сәйкес, сондай-ақ Басқарма шешімі бойынша жүргізіледі.

8.38. 1 және 2-топтағы мүгедектерге жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы кезінде бір айдағы орташа жалақысы төленсін.

8. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

9.1. Еңбекті қорғауға қатысты барлық мәселелер бекітілген «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын басқару жүйесі туралы Ережеге» сәйкес реттеледі (№7 қосымша).

1) Қоғамдағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру жүйесі мыналарды қарастырады:

2) Бұл жұмысқа Қоғамның барлық Жұмыскерлерінің белсенді қатысуы;

3) Барлық инженерлік-техникалық Жұмыскерлердің ЕҚ және ҚТ жөніндегі лауазымдық міндеттерін сөзсіз орындауы, сондай-ақ жұмыс персоналының еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау нұсқаулығында мазмұндалған барлық міндеттерді сақтауы;

4) Еңбекті қорғау жағдайы үшін, жұмыс істейтіндердің еңбекті қорғау ережелері мен еңбекті қорғау нормалары, барлық инженерлік-техникалық Жұмыскерлер тарапынан қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитарияны сақтауы үшін бақылауды ұйымдастыру;

5) Қауіпсіз еңбек өндірісі ережелерінің талаптары мен нормаларын бұзуға әкелетін деректер мен себептерді анықтау және жою жөніндегі шараларды уақытылы жүзеге асыру;

6) Қоғамда белгіленген еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы деңгейі көрсеткіштері бойынша барлық бөлімшелерде ай сайынғы есепке алу, бақылау және талдауды қамтамасыз ету;

7) Жабдықтар, ғимараттар мен құрылыстарға, механизмдер мен технологиялық үдерістерге қызмет көрсеткен кезде қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

8) Персоналға еңбек және демалыстың оңтайлы санитарлық-гигиеналық жағдайлары мен режимін жасау;

9) Жұмыскерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа жеке қорғаныш құралдармен (ЖҚК) қамтамасыз ету;

10) Еңбекті қорғау жөнінде жұмыстарға жеке жауапкершілік және жалпы басшылық Басқарма төрағасына жүктеледі;

11) Қауіпсіз және дұрыс еңбек жағдайын жасау бойынша ұйымдастыру-техникалық жұмыстарға тікелей басшылық, сондай-ақ инспекторлық құрамға басшылық Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі бірінші орынбасарына және Қоғамның бас инженеріне жүктеледі;

12) Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырудың нақты жүйесін ендіру және сақтауды тұтас Қоғам бойынша Басқарма төрағасы және Бас инженер қамтамасыз етеді;

13) Жұмысты ұйымдастыру, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөнінде директивті құжаттарды орындау, сондай-ақ жұмыс істеушілердің еңбек, өндірістік және атқару тәртібі үшін бақылау міндеттері: жоғарыда тұрған әкімшілік-техникалық персонал немесе лауазымды тұлға өзінің қарамағындағы немесе оның бақылауындағы төменде тұрғанды бақылайтын қағида бойынша жүктеледі.

14) Заңнамаға сәйкес лауазымды тұлғаға және әкімшілік-техникалық персоналға өзіне жүктелген міндеттердің орындалмауына әкелген әрекеттері, жазатайым оқиға және кәсіби ауру үшін, оларды тудырған себептерді жоймағаны үшін, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің сақмағаны үшін жеке жауапкершілік жүктеледі. Бұзушылық сипаты және олардың салдарына байланысты көрсетілген тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

9.2. Жұмыс беруші зиянды еңбек жағдайларындағы жұмысы үшін қызмет Жұмыскерлерін бекітілген нормаға сәйкес арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа жеке қорғаныш құралдарымен (ЖҚК), дәрі-дәрмекпен, сүтпен (сүт өнімдерімен), сабынмен қамтамасыз етеді:

1) «Астана-АЭК» АҚ персоналына арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын тегін беру нормалары;

2) «Астана-АЭК» АҚ автопаркінде және өндірістік қызметтерде бірінші медициналық көмектің медициналық аптекасын жасақтау үшін арналған медикаменттердің тізбесі»;

3) «Астана-АЭК» АҚ зиянды еңбек жағдайлары үшін сүтті тегін алуға құқығы бар мамандықтар мен лауазымдар тізбесі;

4) «Бір айға шаруашылық сабынын беру нормасы».

9.3. Жұмыс беруші өз қаражаты есебінен зиянды, қауіпті және қолайсыз факторларға ұшырайтын ауыр жұмыстарда, зиянды еңбек жағдайы (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейтін Қоғам Жұмыскерлеріне міндетті жүйелі медициналық тексеру және байқау, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте Жұмыскерлерді ауысым алдында медициналық куәландыру, еңбек жағдайы өзгеретін басқа жұмысқа ауыстырған кезде, немесе кәсіптік ауру белгілері пайда болғанда, сондай-ақ 45 жасқа дейінгі әйелдерге жыл сайын медициналық тексеру жүргізеді.

9.4. Жұмыс беруші Қоғам қаражаты есебінен еңбек міндеттерін орындаған кезде Жұмыскердің денсаулығы мен өміріне зиян келтіргені үшін жауапкершілікке сақтандыру жүргізеді.

9.5. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі шараларды қаржыландыру жұмыс берушінің қаражаты және Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа көздер есебінен жүзеге асырылады. Жұмыскерлер бұл мақсаттарға шығын шығармайды.

9.6. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес Жұмыс беруші және Жұмыскердің еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жаракаттанушылық және кәсіби аурудың алдын алу бойынша бірлескен әрекеттерді ұйымдастырады, сондай-ақ техникалық еңбек инспекторларының жұмыс орындарында еңбек жағдайын және еңбекті қорғауға тексеру жүргізуді ұйымдастырады. Еңбекті қорғау жөнінде техникалық инспектор кандидатурасын кәсіптік одақ, ол болмаған жағдайда – Қоғам Жұмыскерлерінің жалпы жиналысымен оған Жұмыскерлердің кемінде үштен екі бөлігінің қатысуымен көпшілік дауыспен ұсынылады.

9.7. Жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі бағдарламалар мен іс-шараларға жылына кемінде 40 000 000 теңге көлемінде қаражат бөледі.

9. Әлеуметтік кепілдіктер және өтемақылар

10.1. Білім беру ұйымдарында оқитын Жұмыскерлерге сынақтар мен емтихандарды дайындау және тапсыру, зертханалық жұмыстарды орындау, диплом жұмысын (жобасын) дайындау және қорғау үшін (ақысыз) оқу демалыстары беріледі. Мамандығы бойынша жұмыс істейтін және энергетика саласы бойынша оқу орнында оқитын Жұмыскерлерге сессия нәтижесі бойынша барлық емтихандарды уақытылы тапсырған жағдайда бір оқу жылы ішінде 30 күн оқу демалысы Жұмыс берушінің қаражаты есебінен төленеді.

10.2. Жұмыс беруші өз қаражаты есебінен Жұмыскерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлейді. Жұмыс беруші өз қаражаты есебінен Жұмыскерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша ұзақтығы 1 айдан, бірақ 6 айдан аспайтын ауру кезінде Жұмыскердің орташа жалақысының 50% мөлшерінде әлеуметтік жәрдемақы төлейді (жүктілік және босану бойынша еңбекке жарамсыздық парақтарынан басқа).

10.3. Жұмыс беруші өндірістік жаракат немесе кәсіптік аурудан кейін еңбек қабілеттілігін қалпына келтірген Жұмыскерлерге орындарын резервтейді.

10.4. Қоғам Жұмыскерлеріне зейнетақы тағайындау және төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

10.5. Жұмыс беруші соңғы жұмыс істеген кезең үшін еңбек демалысын берген кезде өз қаражаты есебінен Қоғамдағы үздіксіз еңбек өтілін ескеріп, сауықтыру үшін жәрдемақы төлейді: 3 жылға дейін - лауазымдық жалақының 30%, 10 жылға дейін - 50 %, 10 жылдан жоғары болса – бір лауазымдық жалақы мөлшерінің 80%. Еңбек демалысы бөліктермен берілген жағдайда сауықтыру үшін жәрдемақыны Жұмыскердің қалауы бойынша төлеу.

10.6. Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүктілік және бала тууына, жаңа туған сәбиді (баланы) асырап алуға байланысты табыстан

айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдер сомасын шегеріп, жүктілікке және босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған Жұмыскерлерге берілетін демалысқа орташа жалақысын сақтай отырып ақы төлейді.

10.7. Жұмыс беруші бала туған кезде Жұмыскерге 30 айлық есептік көрсеткіш көлемінде материалдық көмек береді.

10.8. Жұмыс беруші Мемлекет Басшысының жарлығымен бекітілген отбасы күніне 4 және одан көп балалары, 18 жасқа дейін мүгедек балалары бар отбасыларын 30 айлық есептік көрсеткіш көлемінде ынталандырады.

10.9. Төмендегі Жұмыскерлерге:

а) ТМД-ның Құрметті энергетигі, Құрметті немесе Еңбек сіңірген энергетик атағы, «Құрметті энергетик» төсбелгісі, ҚР ЭМ «Еңбек сіңірген энергетик» - «Заслуженный энергетик» белгісі, ҚР ЭМ «Еңбек ардагері» - «Ветеран энергетик» медальдарының иегерлеріне кәсіби мерекеге лауазымдық жалақының/тарифтік мөлшерлеменің 50% мөлшерінде бір реттік сыйақы төленеді;

б) «Электр энергетикасы саласына қосқан үлесі үшін» медалі, Қазэнергокәсіподақтың «Құрмет белгісі» медалін марапаттау кезінде лауазымдық жалақының/тарифтік мөлшерлеменің 25% мөлшерінде бір реттік сыйақы төленеді.

Екі және одан да көп атақтар (медальдар, белгілер) болған кезде сыйақы лауазымдық жалақының/тарифтік мөлшерлеменің 50%-ынан аспауы тиіс.

10.10. Қоғамның Жұмыскерлеріне, және Қоғамнан зейнеткерлікке шыққан жұмыс істемейтін зейнеткерлерге Қоғамның бекітілген бюджетінде белгіленген күнтізбелік жылға арналған әлеуметтік бағдарламаға сәйкес төлемдер жүргізіледі. Әлеуметтік бағдарлама төмендегілерді қамтиды:

1) Жұмыс істейтін және жүктілік және бала тууға, бала күтіміне байланысты демалыстағы әйелдерді 8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен ақшалай сыйлықақымен марапаттап құттықтау.

2) Ауған жауынгерлерін – 15 ақпанда және Чернобыль АЭС апатты жоюға қатысқандарды – 26 сәуірде 10-айлық есептік көрсеткіш ақшалай сыйлықақымен марапаттап құттықтау.

3) Қарттар күнінде, Энергетиктер күнінде жұмыс істемейтін зейнеткерлерге бір реттік материалдық көмек көрсету.

4) «Энергетиктер күні» кәсіби мерекесінде жұмыс беруші қаржылық мүмкіндіктерге байланысты кәсіподақпен келісім бойынша жұмыскерлерге кемінде 10 АЕК мөлшерінде біржолғы сыйақы төлейді.

5) Зейнеткер қайтыс болған жағдайда туыстарына оны жерлеуге 20 есептік көрсеткіш көлемінде бір реттік көмек.

6) Жұмыскер қайтыс болған жағдайда туыстарына оны жерлеуге 50 есептік көрсеткіш көлемінде бір реттік көмек.

7) Жұмыскерлерге жақын туыстары қайтыс болған жағдайда жерлеуге 30 есептік көрсеткіш көлемінде бір реттік көмек.

8) «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне» ақшалай сыйлықақымен марапаттап құттықтау.

9) Жұмыскерлерді мерейтой күндері Қоғам құрылған күннен бастап 5 жыл аралықпен (1980 жылғы 6 тамыз) Қоғамдағы үздіксіз жұмыс өтіліне байланысты ақшалай сыйлықақымен марапаттап құттықтау:

10 жылға дейін – 50%;

10 жылдан бастап және жоғары – 100%.

10) Жұмыскерлерге ұлттық мерекеге 10 АЕК мөлшерінде біржолғы сыйақы төлеу: 25 қазанда атап өтілетін Республика күні.

10.11. Өндірісте жазатайым оқиға немесе кәсіптік ауру нәтижесінде еңбек қабілетін толық немесе ішінара жоғалтқан Жұмыскерге немесе Жұмыскер қайтыс болған жағдайда оған құқығы бар тұлғаларға, Қоғам Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес өтемақы төлейді.

10.12. Қоғам Жұмыскерлеріне зейнетақы төлеу үшін құжаттарды рәсімдеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

10.13. Жұмыс беруші Жұмыскерлерді мерекелермен құттықтауды ұйымдастырады.

10.14. Мерзімді әскери қызметке немесе әскери жиындарға шақырылуға жататын қызметкерлердің медициналық комиссиядан өту кезеңінде жергілікті әскери басқару органдарына шақыру туралы шақыру қағазы болған кезде жұмыс орны (лауазымы), жұмыс орны бойынша жалақысы сақталады, ал мерзімді әскери қызметті өткеру немесе әскери жиындар кезеңінде жұмыс орны (лауазымы) сақталады. Мерзімді әскери қызметті немесе

әскери жиындарды өткеру кезеңінде жұмыс орны (лауазымы) сақталған Жұмыскер әскери қызметтен босатылуына немесе әскери жиындардың аяқталуына байланысты әскери бөлім тізімінен шығарылған күннен бастап бір айдан кешіктірмей өзінің еңбек міндеттеріне кірісуге міндетті.

10.15. Жұмыс беруші Қазақстан Республикасы банктерінің ипотекалық бағдарламалары арқылы Жұмыскерлерді жеңілдікпен тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін пысықтауды қамтамасыз етеді.

10.16. Жұмыс беруші құрмет грамоталарымен (ҚР Президентінен, ҚР Энергетика министрлігінен, Астана қаласы әкімінен, «Қазақстандық энергетиктердің салалық кәсіподағы» ҚБ, «ҚЭҚ» ЗТБ) марапатталған Жұмыскерлерге 10 000 (он мың) теңге мөлшерінде біржолғы ақшалай көтермелеу төлейді..

10.17. Жұмыс беруші Қоғамда 20 жылдан астам үздіксіз жұмыс істеген жұмыс істемейтін ардагер зейнеткерлерге олардың мерейтойлық күндеріне (70, 80, 90 және 100 жыл) 30 айлық есептік көрсеткіш бойынша төлем (көтермелеу) жүргізеді.

11. Жұмыспен қамту туралы

11.1. Қоғамдағы бос орынға қабылдау Жұмыс берушінің шешімі бойынша тестілеу, әңгімелесу және конкурспен іріктеу жолымен жүзеге асырылады.

11.2. Қоғам Жұмыскерлері конкурс өткізілген кезеңде олардың қандай лауазымға ие екендігіне тәуелсіз конкурсқа қатысуға құқылы.

12. Материалдық жауапкершілік

12.1. Өндіріс барысында тапсырылған мүлік пен құндылықтарды сақтау, сату, тасымалдау, босату, қолдану немесе басқа пайдалануға байланысты лауазымда отырған немесе жұмыстарды орындайтын және он сегіз жасқа толған Жұмыскермен Жұмыс беруші Жұмыскердің толық жеке материалдық жауапкершілігі туралы жазбаша түрде шарт жасасады.

Жұмыскерге тапсырылған мүлік пен басқа құндылықтарды сақтауды қамтамасыз етпегені үшін толық материалдық жауапкершілік туралы шарт жасалуы мүмкін Жұмыскерлердің алатын немесе орындайтын лауазымдары мен жұмыстар тізбесі, сондай-ақ толық материалдық жауапкершілік туралы үлгілік шарт ұжымдық шарт немесе Жұмыс берушінің актімен бекітіледі.

12.2. Келесі міндетті шарттар бір уақытта болған жағдайда Жұмыскерге толық материалдық жауапкершілік жүктелуі мүмкін:

- 1) тікелей шынайы залал;
- 2) Жұмыскердің заңсыз тәртібі;
- 3) Жұмыскердің әрекеті (әрекетсіздігі) және зиян арасында себепті байланыс;
- 4) Жұмыскердің өзінің әрекеті немесе әрекетсіздігінен Қоғамға зиян келтірген кінәсі.

12.3. Қоғамға залал келтірген Жұмыскер соттың шешімімен немесе ерікті түрде оны толық немесе ішінара өтейді. Қоғам әкімшілігінің келісімімен Жұмыскерге келтірілген залалдың орнын толтыру үшін тең бағалы мүлікті беруге болады, зақымданғанды өз есебінен жөндейді немесе оның ақшалай құнын өтей алады.

12.4. Қоғамға келтірілген әрекеті (әрекетсіздігі) үшін Жұмыскерді тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуынан тәуелсіз залалдың орнын толтыру жүргізіледі.

12.5. Залал көлемін анықтаған кезде тікелей нақты залал ескеріледі. Алынбаған табыстар, сондай-ақ табиғи шығын нормасы шегінде нақты шығындар, сондай-ақ тозуға байланысты мүлік құндылығының төмендеуі есептелмейді. Қоғам мүлігінің жоғалуы, нашарлауы немесе құндылығының төмендеуі салдарынан нақты азаюы немесе нашарлауы, сондай-ақ мүлікті немесе басқа құндылықтарды қалпына келтіру, сатып алуға шығындар жасау қажеттілігі немесе артық төлем жасау тікелей нақты шығындар деп түсіндіріледі.

12.6. Қоғамға келтірілген залал көлемі, залал келтірілген сәтте нарықтық коэффициентті қайта есептеген бухгалтерлік есепке алу деректері негізінде, нақты ысырап бойынша анықталады.

12.7. Басқарма төрағасы, Басқарма төрағасының орынбасарлары, бас инженер, қызмет, бөлім басшыларына олардың кінәсінен келтірілген залал үшін толық материалдық жауапкершілік жүктеледі.

12.8. Қоғамға Жұмыскердің кінәсінен төмендегі жағдайларда келтірілген залал үшін толық материалдық жауапкершілік жүктеледі.

Егер,

1) залалды берілген құндылықтарды сақтау, сату, тасымалдау немесе жұмыс үдерісінде қолдануға байланысты лауазым алатын немесе жұмыстарды орындайтын тұлғалар келтірілген болса;

2) залал Жұмыскердің қылмыстық тәртіппен қудаланатын әрекет белгілері бар әрекетімен келтірілген болса;

3) залал, Жұмыскердің алкогольдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық масандық жағдайында келтірілген болса;

4) Жұмыскер және Қоғам арасында толық жеке материалдық жауапкершілікті өз мойындарына алатындығы туралы жазбаша шарт жасалса;

5) мүлік және басқа материалдық құндылықтар Жұмыскер есебіне біржолғы сенімхат немесе басқа біржолғы құжаттар бойынша қабылданған болса;

6) Қоғамның Жұмыскерге пайдалануға берген материалдар, жартылай дайындалған өнім, өнімдер (бұйым), сондай-ақ құралдар, есептеу аспаптары, арнайы киім және басқа заттарды, оның ішінде оларды әзірлеу кезінде жетіспеушілігі, қасақана жою немесе қасақана бүлдіру себепті залал келтірілген болса;

7) залал, коммерциялық құпияны жария етудің нәтижесінде келтірілген болса.

12.9. Жұмыскердің оған берілген материалдық құндылықтарды қызмет барысында сақтау, өңдеу, сату, тасымалдау, қолдану, иелену, басқару немесе қолдануға байланысты жеке жұмыс түрлерін бірлесіп орындаған кезде, әр Жұмыскердің материалдық жауапкершілігін шектеу және онымен толық жеке материалдық жауапкершілік туралы шарт жасасу мүмкін болмаса, ұжымдық (бригадалық) материалдық жауапкершілік енгізілуі мүмкін.

12.10. Бірнеше Жұмыскердің кінәсінен келтірілген залал көлемі олардың әрқайсысы үшін айып дәрежесі, материалдық жауапкершілік түрі және шегін ескеріп анықталады.

12.11. Жұмыскердің залалдың орнын толтыруы Жұмыскердің жазбаша келісімі негізінде жалақысынан ұстап қалу жолымен жүргізіледі. Жұмыскер ұстап қалынуы тиіс соманы Қоғамның кассасына қолма қол ақшамен енгізуге құқы бар.

12.12. Жұмыстан босаған күннен кешіктірмей белгіленген үлгіде кету қағазын рәсімдеуге, бұрын орындаған лауазымына байланысты құжаттар мен материалдық құндылықтарды тапсыруға және жұмыстан босаған күні персоналмен жұмыс бөліміне тапсыруға міндетті.

13. Жұмыскерлерді марапаттау туралы

13.1. Қоғам Жұмыскерлерін, олардың Қоғам қызметін жақсартуға қосқан жеке және ұжымдық үлесі үшін, марапаттау Қоғамның актілерімен реттеледі.

13.2. Құрмет грамоталары, атақтар және алғыс хаттар Қоғамның марапаттары болып табылады.

13.3. Жыл сайын ардагер-энергетиктерді, Қоғамнан зейнетке шыққан және Қоғамда кемінде 10 жыл еңбек өтілі бар зейнеткерлерді салалық наградалар мен атақтарға (10.9-тармақта аталған) ұсыну.

13.4. Қоғамнан зейнеткерлікке шыққан ардагер-энергетиктерді, жұмыс істемейтін зейнеткерлерді Қарттар күніне Қоғамның (әкімдіктің, ҚЭЖ және т.б.) құрмет грамоталарымен және алғыс хаттарымен марапаттау.

14. Жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру туралы

14.1. Жұмыс беруші Қоғам персоналын өз қаражаты есебінен оқытуға, біліктілігін арттыруға құқығы бар.

14.2. Персоналдың біліктілігін арттыру өндірістен қол үзіп және қол үзбей жүзеге асырылуы мүмкін.

14.3. Жұмыскерлерді оқыту түрі, ұзақтығы және жүйелігін Жұмыс беруші Жұмыскердің кәсіби дайындық деңгейіне негізделіп анықтайды.

14.4. Оқуға жолданған Жұмыскермен біліктілігін арттыруға (оқуға) шарт жасалады, оған сәйкес, Жұмыс беруші Жұмыскерге оқу құнын, көлік шығындары, тұрғын үй жалдау, тамақтану шығындарын өтеуге, ал соңғысы Жұмыс берушімен келісілген кезеңде Қоғамда жұмыс істеуге міндеттеледі.

14.5. Кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру аяқталғаннан кейін оқып келген Жұмыскер Тараптар оқу шартында келіскен мерзімде Жұмыс берушіде жұмыс істеуге міндетті.

14.6. Жұмыскердің бастамасымен немесе Жұмыс берушінің бастамасымен оқу шартымен белгіленген мерзімге дейін еңбек шартын бұзған жағдайда, Жұмыскер Жұмыс берушіге жұмыс істемеген мерзімге пара-пар мерзімге оқуға байланысты шығындарды өтейді.

14.7. Энергетика мамандығы бойынша оқу орнында оқитын және Жұмыс берушінің қаражаты есебінен оқу демалысына төлем алатын Жұмыскермен шарт жасалады, оған сәйкес оқу орнын аяқтап, диплом алғаннан кейін Жұмыскер Жұмыс берушіде кемінде 3 жыл жұмыс істеуге міндеттеледі.

15. Жеке еңбек дауларын қарау

15.1. Еңбек құқығы, ұжымдық шарт, еңбек шартының нормалары қамтылған заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдану мәселелері бойынша Жұмыскер мен Жұмыс берушінің арасында туындайтын жеке еңбек дауларын еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясы қарайды.

15.2. Келісу комиссиясы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес әрекет ететін, Жұмыс беруші мен Жұмыскерлер өкілдерінің бірдей санынан тепе-тең негізде құрылады.

15.3. Келісу комиссиясын құру және оның жұмысын ұйымдастыру Жұмыс берушінің ішкі актілерімен регламенттеледі.

15.4. Жұмыс беруші еңбек жағдайлары мен еңбегіне ақы төлеуді белгілеу және өзгерту, ұжымдық шартты жасасу, өзгерту және орындау мәселелері бойынша туындаған ұжымдық еңбек дауларын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген мерзімдерде қарауға міндетті. Жұмыс беруші ұжымдық еңбек дауларын шешу мүмкін болмаған жағдайда Татуластыру комиссиясын құрады, Татуластыру комиссиясында келісімге қол жеткізілмеген кезде оның жұмысы тоқтатылады, ал дауды шешу үшін Еңбек төрелігі құрылады. Татуластыру комиссиясы мен Еңбек арбитражының қатысуымен еңбек дауларын шешу тәртібі ҚР еңбек заңнамасының нормаларымен реттеледі.

15.5. Негізгі жұмыстан босатылмаған сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелері өздері мүшелері болып табылатын Кәсіподақтың дәлелді пікірінсіз (келісімінсіз) тәртіптік жазаға тартылмайды. Негізгі жұмыстан босатылмаған кәсіподақ басшысы (төрағасы) жоғары тұрған кәсіподақтың дәлелді пікірінсіз (келісімінсіз) тәртіптік жауапкершілікке тартыла алмайды.

16. Ұжымдық шартты даярлау, жасасу және қайта қарау тәртібі

16.1. Ұжымдық шарт жобасын, сондай-ақ өзгертулер мен толықтырулар енгізуге басқа Тарапты жазбаша хабардар ете отырып, кез келген Тарап бастама көтере алады. Ұжымдық шарттың әрекет ету мерзімі кезінде, бірде бір Тарап бір жақты түрде, оның мазмұнын түзете алмайды немесе өзі қабылдаған міндеттерді орындауды тоқтата алмайды.

16.2. Ұжымдық шарт жобасын әзірлеу үшін Тараптардың келісімі бойынша бірлескен комиссия құрылады. Комиссияның әзірлеген ұжымдық шарт жобасы Қоғам ұжымында талқылаудан өтеді.

16.3. Түскен ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, ұжымдық шарт жобасы пысықталады және Қоғамның еңбек ұжымының жалпы жиналысында бекітіледі. Қоғамның еңбек ұжымының жалпы жиналысында қолдау тапқаннан кейін оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

16.4. Ұжымдық келіссөздерге қатысушылар оларды жүргізу уақытында орташа айлық жалақысы сақталып, еңбек міндеттерін орындаудан босатылады. Бұл мерзім олардың еңбек өтіліне кіреді.

Бекітілген және қол қойылған ұжымдық шарт қол қойылғаннан кейін бір айдың ішінде Қоғам Жұмыскерлерінің назарына жеткізіледі.

17. Қорытынды ережелер

17.1. Осы Шартта қарастырылған міндеттерді орындамағандары үшін Тараптарға шарт және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

17.2. Жұмыс беруші Қоғамның барлық Жұмыскерлеріне міндетті түрде ұжымдық шарт, онда аталған барлық Ережелермен танысуға мүмкіндік береді.

17.3. Тарап өкілдері Жұмыскерлерді ұжымдық шарттың орындалу барысы туралы жүйелі түрде хабардар етуге міндетті.

17.4. Ұжымдық келіссөздерге қатысушылар алған деректерді, егер деректер мемлекеттік құпия, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын болса жариялауға құқығы жоқ.

17.5. Осы ұжымдық шартпен реттелмеген Ережелер, Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

17.6. Мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей заңды күші бар 3-дана Ұжымдық шартқа қол қойылды, мемлекеттік және орыс тілінде бір данадан Жұмыс беруші және Жұмыскерлердің өкілдеріне, біреуі - еңбек бойынша уәкілетті органға.



Жұмыс беруші

Р. Абжанов /



Кәсіподақ комитеті:

/С.Баймаганбетова /

«Астана-АЭК» АҚ жұмыс беруші және
жұмыскерлер арасында жасалған
Ұжымдық шартқа № 1 қосымша

ҮЛГІ

**«Астана-АЭК» АҚ
басқарма төрағасы**

**«Астана-АЭК» АҚ
жұмыскерлерінің
кәсіптік одақ төрайымы**

Өтініш

Сізден маған қатысты кәсіподақ мүшелеріне сияқты бірдей талаптармен «Астана-АЭК» АҚ жұмыс беруші және жұмыскерлер арасында жасалған Ұжымдық шарт күшін қолдануды сұраймын.

(қолы)

(Т.А.Ә.)

« _____ » _____ 20____

КОЛЛЕКТИВНЫЙ ДОГОВОР
между Работодателем и Работниками
АО «Астана - Региональная Электросетевая Компания»

от «17» февраля 2025 г.

В коллективном договоре в форме письменного соглашения между коллективом Работников и Работодателем, регулирующий социально-трудовые отношения в Обществе используются следующие основные понятия:

- 1) **минимальный размер месячной заработной платы** - гарантированный минимум денежных выплат Работнику простого неквалифицированного (наименее сложного) труда при выполнении им трудовых обязанностей в нормальных условиях и при нормальной продолжительности рабочего времени, установленных настоящим Кодексом, в месяц.
- 2) **специальная одежда** – одежда, обувь, головной убор, рукавицы, иные средства индивидуальной защиты, предназначенные для защиты Работника от вредных и (или) опасных производственных факторов;
- 3) **сменная работа** – работа в две либо в три или четыре рабочих смены в течение суток;
- 4) **категория (разряд)** – уровень требований к квалификации Работника, отражающий сложность выполняемых работ;
- 5) **отпуск** – освобождение Работника от работы на определенный период для обеспечения ежегодного непрерывного отдыха Работника или социальных целей с сохранением за ним места работы (должности) и в случаях, установленных настоящим Кодексом, средней заработной платы;
- 6) **оплата труда** – система отношений, связанных с обеспечением Работодателем обязательной выплаты Работнику вознаграждения за его труд в соответствии с настоящим Кодексом и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также соглашениями, трудовым, коллективным договорами и актами Работодателя;
- 7) **условия труда** – условия оплаты, нормирования труда, выполнения трудовых обязанностей, режима рабочего времени и времени отдыха, порядок совмещения профессий (должностей), расширения зон обслуживания, выполнения обязанностей временно отсутствующего Работника, безопасности и охраны труда, технические, производственно-бытовые условия, а также иные по согласованию сторон условия труда;
- 8) **трудовые отношения** – отношения между Работником и Работодателем, возникающие при осуществлении прав и обязанностей, предусмотренных трудовым законодательством Республики Казахстан, соглашениями, трудовым, коллективным договорами и актами Работодателя;
- 9) **условия безопасности труда** – соответствие трудового процесса и производственной среды требованиям безопасности и охраны труда при выполнении Работником трудовых обязанностей;
- 10) **трудовые обязанности** – обязательства Работника и Работодателя, обусловленные нормативными правовыми актами Республики Казахстан, актом Работодателя, трудовым, коллективным договорами;
- 11) **трудовой стаж** – время в календарном исчислении, затраченное Работником на выполнение трудовых обязанностей, а также иные периоды, включаемые в трудовой стаж в соответствии с настоящим Кодексом;
- 12) **трудовая дисциплина** – надлежащее исполнение Работодателем и Работниками обязательств, установленных нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также соглашениями, трудовым, коллективным договорами, актами Работодателя, учредительными документами;

- 13) **трудовой распорядок** – порядок регулирования отношений по организации труда Работников и Работодателя;
- 14) **охрана труда** – система обеспечения безопасности жизни и здоровья Работников в процессе трудовой деятельности, включающая в себя правовые, социально-экономические, организационно-технические, санитарно-эпидемиологические, лечебно-профилактические, реабилитационные и иные мероприятия и средства;
- 15) **безопасные условия труда** – условия труда, при которых уровни воздействия производственных факторов на работающих не превышают установленных нормативов;
- 16) **трудовой договор** – письменное соглашение между Работником и Работодателем, в соответствии с которым Работник обязуется лично выполнять определенную работу (трудовую функцию), соблюдать правила трудового распорядка, а Работодатель обязуется предоставить Работнику работу по обусловленной трудовой функции, обеспечить условия труда, предусмотренные настоящим Кодексом, законами и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, коллективным договором, актами Работодателя, своевременно и в полном размере выплачивать Работнику заработную плату;
- 17) **заработная плата** – вознаграждение за труд в зависимости от квалификации Работника, сложности, количества, качества и условий выполняемой работы, а также выплаты компенсационного и стимулирующего характера;
- 18) **средства индивидуальной защиты** – средства, предназначенные для защиты Работника от воздействия вредных и (или) опасных производственных факторов, в том числе специальная одежда;
